

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 1 беті

БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы-Ректордың
міндетін атқарушы
А.Н.Нуртаев
 «18» 03 2026 ж.





САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.10-2026

Қызметі	Қолы	Т.А.Ж.
Келісілген:		
Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Басқарма мүшесі- Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Жилбасов Ж.О.
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Т.А.Ж.
Өзірлегендер:		
«Talent» ашгрейд орталығы басшысының у.м.а.		Коразбекова К.У.
Жоғары оқу орынан кейінгі білім беру институтының директоры		Жылысбаева А.Н.

Күжаттың сақтау мерзімі: «18» 03 2026ж. дейін «18» 03 2029ж.	Енгізілді: № 4/055 бұйрық	СМЖ ОҚПУ Е 7.10-2026
Ұзарту мерзімі: «__» ____ 20__ ж.	Енгізілген күні: "18" 03 2026ж.	Басылым 1
		Тіркеу № 
		Көшірме № ____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 2 беті

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	5
5 Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
6 Жалпы ереже	7
7 Тәуекелдерді басқару	19
А қосымшасы Түлектерді жұмыспен қамту процесінің алгоритмі	20
Б қосымшасы Жұмыс берушіден сұраныс хат үлгісі	21
В қосымшасы Жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының үлгісі	22
Г қосымшасы Жұмысқа жолдаманың үлгісі	24
Д қосымшасы Жолдамаларды тіркеу журналының үлгісі	25
Е қосымшасы Түлектің міндеттемесінің үлгісі	26
Ж қосымша Түлектің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім үлгісі	30
З қосымшасы Мансап орталығына жолдама үлгісі	32
И қосымша Түлектерді жұмыспен қамту (мансаптық) картасының үлгісі	33
К қосымша Өзгерістерді тіркеу парағы	35

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 3 беті

1 Қолдану саласы

1.1 Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже - түлектерді жұмысқа бөлу тәртібін және "Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (КЕАҚ) (бұдан әрі - университет) түлектерін жұмысқа орналасуына ықпал ету тәртібін белгілейді.

Осы ереже қазіргі уақытта университеттің түлектерін/жас мамандарын жұмысқа орналастыру бойынша қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлап отырған университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінде қолдануға болады.

Осы ереже университеттің сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

1.2 Осы ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

1.3 Университет түлектерін жұмыспен қамту қызметін бакалавриат деңгейі бойынша университеттің «Talant» апгрейд орталығы (бұдан әрі – «Talant» АО), магистратура мен докторантура деңгейі бойынша Жоғары оқу орынан кейінгі білім беру институты (бұдан әрі - ЖООКББИ) және бітіруші түлектерді жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

1.4 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (№ 414-V ҚРЗ).

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

«Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 4 беті

білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығы.

«Жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 163 бұйрығы.

«Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығы.

«Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығы.

ҚР СТ ИСО 9000: 2017 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001: 2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 8.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Түзету және алдын-алу әрекеттері.

2.2 Ережеде жазбалардың мынадай нысандарын қолданысқа енгізеді:

Ф.7.10-01	Жұмыс берушіден сұраныс хат
Ф.7.10-02	Жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссия отырысы хаттамасы
Ф.7.10-03	Жұмысқа жолдама
Ф.7.10-04	Жолдамаларды тіркеу журналы
Ф.7.10-05	Түлектің міндеттемесі
Ф.7.10-06	Түлектің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі
Ф.7.10-07	Мансап орталығына жолдама
Ф.7.10-08	Түлектерді жұмыспен қамту (мансаптық) картасы

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде ҚР СТ ИСО 9000:2017 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Ережеде мыналар қолданылады:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 5 беті

Жұмысқа орналастыру: Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ осы қызметті көрсетуге мамандандырылған кәсіпорындар халыққа мамандануына, қабілетіне, кәсіптік даярлығына, біліміне сәйкес және қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып жұмыс іздестіруге бағыттауға және орналастыруға жәрдемдесу мақсатында жүргізетін іс-шаралар жүйесі.

Жұмысқа бөлу: Түлектерді әлеуметтік жағынан қорғау, экономика және әлеуметтік салалардың мамандарға, жұмысшыларға, қызметкерлерге қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік білім беру орындары немесе мемлекеттік орган жүзеге асыратын түлектің жұмыс орнын анықтау процедурасы.

Түлек: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымда, оқу орнында білім алған тұлға.

Жас маман: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азамат.

Жұмыс беруші: еңбек шарты негізінде қызметкерді жұмысқа қабылдайтын ұйым немесе жеке тұлға.

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

«Talant» АО – «Talant» апгрейд орталығы;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ЖОО – жоғары оқу орны;

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

СЖжМБ – стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

ЖООКББИ - Жоғары оқу орынан кейінгі білім беру институты;

ЖАО – Жергілікті атқарушы органдар.

5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Осы Ережені университеттің Басқарма төрағасы-Ректор бекітеді.

5.2 Ереженің енгізілуіне «Talant» АО басшысы және Жоғары оқу орынан кейінгі білім беру институтының директоры жауапты болады.

5.3 Процестің нақты кезеңдері бойынша жұмыстардың орындалу сапасына нақты кезеңді орындауға қатысушы басшылар жауапты болады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 6 беті

5.4 Ережені тіркеуге және басқаруға СЖЖМБ бастығы жауапты болады.

5.5 Ережеге өзгерістерді "Өзгерістерді тіркеу парағына" (**К қосымшасы**) міндетті түрде белгі қоя отырып, «Talant» АО басшысы және ЖООКББИ директоры енгізеді.

5.6 Университет түлектерін жұмыспен қамту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ЖАО-мен бірлесіп түлектерге арналған бос жұмыс орындары жәрменкелерін ұйымдастыру, түлектердің қатысуына ықпал жасау;
- білім беру басқармалары, мемлекеттік органдар және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл орнату;
- облыстық, қалалық және аудандық мансап орталықтарымен тығыз байланыс орнату;
- жұмыс берушілерден бос жұмыс орындары туралы ресми және бейресми хаттар негізінде ақпарат жинау, түлектерді хабардар ету;
- түлектерді педагогикалық және өзге де ұйымдарға бағыттау;
- түлектерді өзін-өзі жұмыспен қамтуға және кәсіби бейімделуге қолдау көрсету.

5.7 Бітіруші түлектерді жұмысқа бөлу жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды бөлу және жұмысқа не жұмыс іздеуші ретінде есепке қою үшін мансаптық орталықтарға жіберу мақсатында құрылады. Комиссияның негізгі міндеттері:

- ағымдағы жылғы жас мамандарды жұмысқа бөледі;
- ағымдағы жылы оқу бітірген, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмысқа бөледі;
- жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды, оның ішінде алдыңғы жылдардағы түлектерді қайта бөлу;
- бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда, жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмыс іздеушілер (жұмыссыздар) ретінде есепке қою үшін мансап орталықтарына жіберу;
- жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмыспен өтеуден босату;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 7 беті

- Қағидаларда көзделген жағдайларда және негіздер бойынша жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттерді орындауды кейінге қалдыруды ұсыну.

6 Жалпы ереже

Түлектерді жұмыспен қамту процесінің алгоритмі **А қосымшасында** келтірілген.

6.1 Түлектерді жұмысқа бөлу тәртібі

6.1.1. Осы процедура Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу іс-шараларын ұйымдастыруды және өткізуді регламенттейді.

6.1.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған түлектер университетті бітіргеннен кейін меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыспен өтейді.

Ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы негіздегі оқуға ауысқан, ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта қабылдану шартымен оқудан шығарылған жағдайларда Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мерзім шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша іс жүзінде оқу уақытына мөлшерлес жұмыспен өтейді.

6.1.3. Оператордың ақпараттық жүйесіне білім алушылар контингентінің қозғалысы (қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру, қалпына келтіру, академиялық демалыс беру, академиялық демалыстан шығу) туралы ақпаратты, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бөлу нәтижелері туралы мәліметтерді қашықтық режимінде уақтылы енгізіледі.

6.1.4. Комиссия жыл сайын **15 қаңтардан кешіктірмей** қағаз тасығышта немесе электронды құжат нысанында жергілікті атқарушы органдарға (ЖАО) түлектердің санын (оның ішінде тегі мен аты-жөнін), олардың тұрғылықты тұратын жерін, алған мамандығы мен қай тілде оқығанын көрсетіп, олардың кейіннен тиісті ұйымдарға жұмысқа тұруы мақсатында бос жұмыс орындары болған жағдайда беруі үшін өтінімдер жібереді.

6.1.5. ЖАО **15 ақпаннан** кешіктірмей осы өтінімдерге сәйкес университет Комиссиясына қағаз тасығышта немесе электронды құжат нысанында мәлімделген мамандықтар бойынша кадрларға қажеттілік туралы ақпарат ұсынады.

6.1.6. Тапсырыс берушілерге жасалған үшжақты келісімдердің талаптарына сәйкес бөлінетін нысаналы даярлық шеңберінде оқыған адамдарды қоспағанда, Комиссия жұмысқа бөлуді жүзеге асыру кезінде жас мамандардың, философия докторларының (PhD) және бейіні бойынша докторлардың өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын ескереді, және жұмысқа бөлу олар жұмысқа келгенге дейін бос жұмыс орнын сақтау туралы кепілдікпен жұмыс фактісін немесе бос жұмыс орнының бар екенін растайтын жұмыс

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 8 беті

берушілерден ұсынылған құжаттар (кепілдік хаттар, өтініштер, анықтамалар, шарттар) негізінде жүзеге асырылады.

6.1.7 Университетте оқуды аяқтайтын жас мамандар, бейіні бойынша доктор және философия докторы (PhD) жолдама бойынша жұмыс орнына университеттің академиялық күнтізбесінде белгіленген мерзімдерге сәйкес оқу аяқталған күннен бастап **екі айдан кешікпей** келеді. Бұл ретте екі айлық кезең оның ағымдағы жылы басталуы және келесі жылы аяқталуы жағдайларын қоса алғанда, үздіксіз есептеледі.

Жұмыс орнын жұмыспен өтеу мерзімі ішінде өзгертуді жас мамандар, философия докторлары (PhD) және бейіні бойынша докторлар өз таңдауы бойынша жұмыспен өтеу орнына қойылатын талаптар сақталған жағдайда жүзеге асырады.

6.1.8. ЖАО:

1) жыл сайын Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР азаматтары жұмысқа келгеннен кейін Операторға оның сұрау салуы бойынша жұмыс орны және көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрі (бар болса) туралы мәліметтерді ұсына отырып, бөлу хаттамаларының деректеріне сәйкес жұмысқа келгені/келмегені туралы растау жібереді.

2) жыл сайын Операторға оның сұрау салуы бойынша Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР жұмыс істейтін азаматтарының тізімдерін жібереді.

6.1.9. Мемлекеттік білім беру ұйымдарына жұмысқа бірінші кезекте бөліну құқығына мыналар ие:

1) жұбайы (зайыбы) бос орынды ұсынған елді мекенде тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өткеретін адамдар;

2) ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адам болып табылатын адамдар, сондай-ақ бос орынды ұсынған елді мекенде тұрақты тұратын, қорғаншылар және қамқоршылар болып табылатын адамдар.

6.1.10. Жас мамандардың, философия докторлары (PhD) және бейіні бойынша докторлардың жұмыс орны Республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған адамдармен университет білім алуға қабылдану кезінде жасалатын білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) негізінде міндетті жұмыспен өтеу туралы міндеттемеде (бұдан әрі – Міндеттеме) айқындалады.

6.1.11. Жас мамандарды бөлу Жұмыс берушінің алдағы жұмысқа орналасу және жас маман жұмыс орнына келгенге дейін бос орынды сақтау туралы сұраныс хаты (**Б қосымшасы**) негізінде жүзеге асырылады. Шешім комиссия отырысында қабылданады және **В қосымшасына** сәйкес жас мамандарды жұмысқа бөлу хаттамасы жасалады.

6.1.12. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген, ағымдағы жылы оқу бітіретін түлектерді дербес бөлу тиісті бөлу жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімімен жыл сайын **1 шілдеден кешіктірмей** ресімделеді, оның

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 9 беті

негізінде жұмысқа жолдамалар (**Г қосымшасы**) дайындайды. Жолдама жас мамандарға қол қойғызып беріледі және журналға тіркеледі, онда түлектер өз қолдарымен қол қояды (**Д қосымшасы**).

6.1.13. Ағымдағы жылы оқуды аяқтаған түлектер **1 қыркүйектен кешікпей** жолдама бойынша жұмыс орнына келеді.

6.1.14. Мемлекеттік білім беру гранты/ауылдық квота негізінде оқыған жас мамандар бөлу алдында міндеттемені (**Е қосымшасы**) толтырады және ЖОО-ны бітіргеннен кейін міндетті жұмыспен өтеу туралы хабардар болуды куәландыратын дербес деректерді жинауға және өндеуге (**Ж қосымшасы**) келісім береді.

6.1.15. Заңның (бұдан әрі - Заңның) 47-бабының 17-тармағында көрсетілген жас мамандарды дербес бөлу кезінде:

- 1) тұрақты тұратын орны немесе бөлу қолайлы болатын елді мекен;
- 2) түлек үлгерімінің орташа балы;
- 3) жұмыс берушілердің өтінішхаттары;
- 4) Заңның 47-бабының 17-1-тармағында көзделген бірінші кезекте бөлу құқығын беретін жағдайлардың болуы;
- 5) Заңда және/немесе осы Қағидаларда белгіленген жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттен босататын не жұмыспен өтеу жөніндегі міндетті орындау мерзімін кейінге қалдыру жағдайлардың болуы ескеріледі.

6.1.16. ҚР азаматтарын әскери қызметке шақыру кезінде жұмыспен өтеу мерзімінде қызмет өткеру уақытын есептемегенде, қызмет өткеру уақытына кейінге қалдыру беріледі.

6.1.17. Жұмысқа бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР азаматтарына бөлу жөніндегі комиссиялар жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде тіркеу туралы өтініштермен жүгіну үшін тұрғылықты жері бойынша мансап орталықтарына немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе "Электрондық еңбек биржасы" (портал enbek.kz) мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жұмыспен өтеу мерзімінде жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз адам ретінде есепте тұрған уақытын есепке ала отырып, жолдамалар (**З қосымшасы**) береді.

6.1.18. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР азаматтары жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге жолдама алғаннан кейін оқуды аяқтаған жылдың **1 қыркүйегінен** кешіктірмей жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін өтініш білдіреді және "Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен айқындалған тәртіппен жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 10 беті

Университетте оқуды аяқтайтын жас мамандар, бейіні бойынша докторлар және философия докторлары (PhD) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерге сәйкес оқу аяқталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар ретінде тіркеледі.

Бұл ретте екі айлық кезең, оның ішінде ағымдағы жылы басталуы және келесі жылы аяқталуы жағдайларын қоса алғанда, үздіксіз есептеледі.

6.1.19. Тұрғылықты жері бойынша өңірде Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген және мансап орталықтарында есепке алынған азаматтардың кәсіптік даярлығы мен мамандығына сәйкес келетін бос жұмыс орындары болмаған жағдайда еңбек мобильділігі орталықтары жұмыс іздеп жүрген адамдарға "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен айқындалған тәртіппен басқа өңірлерде жұмысқа орналасу мүмкіндігін ұсынады.

6.1.20. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуын бір мезгілде аяқтаған ерлі-зайыптыларға бір елді мекенде орналасқан ұйымдарда жұмыс беріледі.

Егер ерлі-зайыптылардың біреуі оқуын бұрын бітірсе, онда оны бөлу жалпы негіздерде жүргізіледі. Бұл жағдайда Заңның 47-бабының 17-1-тармағына сәйкес оқуын кейін аяқтаған жұбайы (зайыбы) жұбайының (зайыбының) жұмыс орны бойынша бірінші кезекте бөлінуге құқылы.

6.1.21. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР азаматтары жұмысқа бөлуге алдын ала дайындалу мақсатында оқу аяқталатын жылы **1 наурызға дейінгі** мерзімде Операторға білім алушылар туралы өзекті деректерді Оператордың ақпараттық жүйесіне қашықтық режимінде енгізіп, Оператор белгілеген нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық құжат нысанда күтіліп отырған оқу бітірушілер туралы мәліметтерді ұсынады.

6.1.22. Хаттамалық шешімді осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдерде ресімдеуге қорытынды аттестаттаудың неғұрлым ерте немесе кеш мерзімдері және академиялық күнтізбеде белгіленген жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталған жағдайда, бірақ қорытынды аттестаттау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жол беріледі.

Бұл ретте Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР азаматтарын бөлу туралы оларды хабардар етуді хаттамалық шешім қабылданған сәттен бастап **үш жұмыс күнінен кешіктірмей** жұмысқа жолдамалар беру арқылы жүзеге асырады.

Бөлу жөніндегі тиісті комиссияның хаттамалық шешімін отырысқа қатысып отырған бөлу жөніндегі комиссия мүшелерінің электрондық цифрлық

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 11 беті

қолтаңбалары арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында, оның ішінде Оператордың ақпараттық жүйесінде ресімдеуге жол беріледі.

6.1.23. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген ҚР жұмыспен өтеу мерзімі олардың жұмыс берушілермен еңбек шартын немесе жалдамалы қызметкер ретінде азаматтық-құқықтық сипаттағы шартты жасасқан күнінен бастап не жеке кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап есептеледі, ал бос жұмыс орны болмаған жағдайда - мансап орталығында жұмыс іздеуші немесе жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап есептеледі.

6.1.24. ҚР Еңбек кодексінің 35 және 62-баптарында көзделген құжаттар еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыспен өтеуді растайтын құжаттар болып табылады.

6.1.25. Жалдамалы қызметкер ретінде азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыспен өтеуді растайтын құжаттар азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт және салық агенті аударған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер болып табылады.

6.1.26. Жеке кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде жұмыспен өтеуді растайтын құжаттар жеке кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою туралы құжат – жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама немесе жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебі туралы салықтық өтініш және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын өз пайдасына дербес төлеу туралы үзінді көшірме болып табылады.

6.1.27. Мансап орталығына есепке қойылғанын растайтын құжат электрондық құжат түріндегі электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде enbek.kz порталы, "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы жұмыссыздың сұрауы бойынша жүзеге асырылатын жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы ақпарат болып табылады.

6.1.28. Университет жыл сайын түлектерді жұмысқа бөлу туралы хаттамалық шешім қабылданған күннен бастап **күнтізбелік 15 күн** ішінде Операторға бөлу жөніндегі комиссиялардың хаттамаларын ұсынады және ағымдағы жылдың **15 тамызынан кешіктірмей** Операторға бөлу жөніндегі барлық материалдарды қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық құжат нысанында жібереді. Қайта бөлу туралы хаттамалық шешім қабылданған күннен бастап **күнтізбелік 15 күн** ішінде Операторға жібереді.

6.1.29. Бастапқы бөлінген жерде толық мерзімді өтемеген төмендегі адамдар қайта бөлінуге тиіс:

- резидентураға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, магистратураға немесе докторантураға түспеген адамдар;
- әскери қызмет өткергеннен кейін оралған адамдар;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 12 беті

- жұмыс берушінің таратылуы немесе қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуы негіздері бойынша жұмыстан босатылған адамдар;
- жұмыс беруші бос жұмыс орындарын сақтамаған адамдар;
- бір бос орынға бірнеше жас маманның жіберілуіне байланысты жұмысқа қабылданбаған адамдар;
- әңгімелесуге жіберілмеген немесе бос мемлекеттік лауазымға орналасу үшін конкурстық іріктеуден өтпеген бейін бойынша докторлар;
- бөлінген жерге белгіленген мерзімде дәлелді себептермен (жас маманның немесе жақын туыстарының науқастануы, некеге тұруы және тұрғылықты жерін ауыстыруы, жұмыспен өтеу орнына уақтылы келуіне кедергі болған форс-мажорлық мән-жайлар) келмеген адамдар;
- мансап орталықтарында жұмыс іздеушілер немесе жұмыссыздар ретінде тіркелу кезінде жүктілік кезіндегі әйелдер;
- уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру үшін жұмысқа қабылданған кезде негізгі жұмыскердің жұмысқа шығуына байланысты жұмыстан босатылуы (уақытша бос мемлекеттік лауазымға орналастыруды қоса алғанда);
- некеге тұруы және осыған байланысты тұрғылықты жерін өзгерткен адамдар.

6.2. Түлектерді жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия жұмысы

Комиссия өзінің жұмысында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 163 бұйрығымен бекітілген Жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия туралы ережені басшылыққа алады.

6.2.1. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Түлектерді жұмысқа бөлу, қайта бөлу, жұмыс іздеуші (жұмыссыз) ретінде есепке қою, жұмыспен өтеуден босату, жұмыспен өтеуді кейінге қалдыру үшін мансаптық орталықтарға жіберу мақсатында Комиссия отырыстарын өткізеді;

2) түлектерден, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарынан (бұдан әрі – ЖАО), жұмыс берушілерден, білім беру саласындағы уәкілетті орган операторынан (бұдан әрі – Оператор) жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмысқа бөлу үшін қажетті ақпаратты сұратады;

3) қажет болған жағдайда түлектерден, ЖАО-дан, жұмыс берушілерден, Оператордан жұмысқа бөлінген жас мамандар және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 13 беті

докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған тұлғалар жөніндегі ақпаратты сұратады;

4) кадрларға қажеттілік туралы ақпарат жинау жөнінде ЖАО-мен өзара әрекет етеді;

5) жас мамандардың және философия докторлары (PhD) мен бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдардың әлеуетті жұмыс берушілерімен өзара әрекет етеді;

6) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдар үшін бос жұмыс орындары жөнінде ақпарат жинау бойынша ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен өзара әрекет етеді;

7) жас мамандармен және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдармен жұмысқа бөлу және жіберу мәселелері бойынша тікелей өзара әрекет етеді;

8) жұмыспен өтеуді мониторингілеу және бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Оператормен өзара әрекет етеді;

9) заңнамада белгіленген мерзімде бөлу және Комиссияның жұмысы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды және оларға жауап береді.

6.2.2. Комиссия құрамы жыл сайын Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен, күнтізбелік жылдың басынан бастап алғашқы бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, бекітіледі. Тұрақты жұмыс істейтін Комиссия болып табылады.

6.2.3. Комиссия мүшелерінің бірі Комиссия құрамынан шыққан жағдайда, ол шыққан күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей, жаңа мүше Комиссия құрамына енгізіледі.

6.2.4. Комиссия құрамына Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор (комиссия төрағасы), факультет декандары, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мәселелеріне қатысы бар өзге де ұйымдардың өкілдері (келісімі бойынша) кіреді.

6.2.5. Комиссия төрағадан және төрағаның орынбасарынан, Комиссияның кемінде үш мүшесінен және хатшыдан тұрады. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

6.2.6. Комиссия қызметінің ұйымдастырушылық мәселелерін қамтамасыз ету Комиссия төрағасына тікелей есеп беретін хатшыға жүктеледі.

6.2.7. Комиссия төрағасы комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, төрағалық етеді, комиссияның жұмысын жоспарлайды, отырыстарды шақырады, комиссия мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, отырыстардың өткізілетін күнін, уақытын, күн тәртібін айқындайды және бекітеді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 14 беті

6.2.8. Комиссия төрағасы болмаған кезде (іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық, демалыс) оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

6.2.9. Комиссия мүшелері комиссия отырыстарында шешілуге жататын мәселелерді қарайды, комиссия отырысына ұсынылған құжаттармен танысады, шешімді шығарады.

6.2.10. Комиссия хатшысы кафедралардан және тікелей түлектерден қажетті құжаттарды сұратады, оларды дайындайды және Комиссияның қарауына ұсынады; комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады; отырыс өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Комиссия мүшелеріне және оқу бітірушілерге Комиссия отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабарлайды (кезектен тыс отырыстар шақырылған жағдайда хабарлау мерзімі үш жұмыс күніне дейін қысқартылуы мүмкін); комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және ресімдейді; белгіленген мерзімде бөлу және қайта бөлу жөніндегі материалдарды жолдау бойынша және бөлу және жұмыспен өтеу мәселелеріне қатысы бар өзге де мәселелер бойынша Оператормен тікелей өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

6.2.11. Комиссия отырысы оған Комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

6.2.12. Комиссия шешімдері отырысқа қатысқан мүшелер санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасы (не оның функцияларын орындайтын адам) дауыс берген шешім қабылданады.

Комиссия мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) жұмысқа жіберу туралы;
- 2) жұмыс іздеуші (жұмыссыз) ретінде есепке қоюға жіберу туралы;
- 3) жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттен босату туралы;
- 4) жұмыспен өтеуді кейінге қалдыру туралы;
- 5) істің нақты мән-жайларына байланысты өзге де шешім.

Шешім қабылдау кезінде Комиссия ғылым және жоғары білім саласындағы, әлеуметтік-еңбек саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін заң нормаларын, ережелерді, нормативтік құқықтық актілерді және азаматтық заңнаманың өзге де нормаларын басшылыққа алады.

6.2.13. Комиссия отырысы хаттамамен (қайта бөлінген жағдайда қосымша хаттамамен) ресімделеді.

Комиссия отырысының хаттамасына жас мамандарды және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау бағдарламалары бойынша докторантурада оқыған адамдарды жұмысқа бөлу нәтижелері бойынша Комиссияның мүшелері және хатшысы қолдарын қояды.

Комиссияның хаттамалық шешімін отырысқа қатысқан Комиссия төрағасының, төраға орынбасарының, комиссия мүшелерінің және

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КеАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже	35 беттің 15 беті

хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімдеуге жол беріледі.

Комиссия бөлу жөніндегі комиссияның хаттамаларын және бөлу жөніндегі, оның ішінде қайта бөлу жөніндегі материалдарды қағаз және (немесе) электрондық форматта Операторға жыл сайын ұсынады.

Бөлу жөніндегі материалдар қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мына құжаттарды қамтиды:

- 1) Комиссияны құру және оның құрамын бекіту туралы бұйрық;
- 2) бөлу жөніндегі комиссияның хаттамасы / қосымша хаттамасы;
- 3) жұмысқа немесе мансап орталығына жолдама;
- 4) түлектің жұмыспен өтеу туралы міндеттемесі (бар болса);
- 5) жұмыс берушінің өтінішхаты немесе жұмыс орнынан анықтама;
- 6) оқуға жұмсалған бюджеттік шығыстар туралы анықтамалар;
- 7) жұмыспен өтеуден босатуды (босатпауды) негіздейтін құжат (тар);
- 8) жұмыспен өтеуді кейінге қалдыруды (кейінге қалдырмауды) негіздейтін құжат (тар);
- 9) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (сканерленген нұсқасы немесе көшірмесі);
- 10) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (сканерленген нұсқасы немесе көшірмесі);
- 11) білім беру грантын тағайындау туралы бұйрық;
- 12) білім беру қызметтерін көрсету шарты;
- 13) білім алушылардың қозғалысы туралы ЖЖОКБҰ бұйрықтарынан үзінді көшірмелер;
- 14) білім алушының дербес деректерді өңдеуге келісімі (бар болса).

6.2.14. Комиссия өз жұмысын оның құрамы бекітілген күннен бастайды және бір жыл бойы жұмыс істейді.

6.2.15. Комиссия отырыстары академиялық күнтізбеге сәйкес ағымдағы жылдың түлектерін бөлуді жүзеге асыру үшін жыл сайын, бірақ **1 шілдеден** кешіктірмей (бастапқы бөлу), күндізгі, сырттай немесе қашықтан өткізіледі.

Түлектердің және комиссия мүшелерінің қатысуымен (офлайн режим) Комиссияның бөлуді және бөлуге байланысты өзге де мәселелерді шешуі көзбе-көз отырыс болып табылады.

